**Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, 5А, «Оңтүстік» индустриялық аймағының аумағы мекенжайы бойынша медициналық, өндірістік қалдықтарды және уақытша қалдықтарды сақтау қоймасын кәдеге жарату бойынша ықтимал әсер ету есебі жобасына қатысты қоғамдық тыңдаулар**

# ХАТТАМАСЫ

**1.** Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: *«Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.*

**2.** Қоғамдық тыңдаулардың мәні: *Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, 5А, «Оңтүстік» индустриялық аймағының аумағы мекенжайы бойынша медициналық, өндірістік қалдықтарды және уақытша қалдықтарды сақтау қоймасын кәдеге жарату бойынша ықтимал әсер ету есебі.*

(қарастырылатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

**3.** Мекенжайына Қоғамдық тыңдауларда көтерілген материалдар жолданған қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы. *Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы.*

**4.** Белгіленіп отырған қызметтің орналасатын жері: *Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, 5А, «Оңтүстік» индустриялық аймағы.*

(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекен-жайы, географиялық координаттары)

**5.** Белгіленіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне ұшыраған барлық әкімшілік- аумақтық бірліктердің атауы: *Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы.*

(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде оның аумағында және аумағында және аумағында әсер етуі мүмкін қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі)

**6.** Белгіленіп отырған бастамашының деректері және байланыс деректері: *«Аламан Береке» ЖШС, БИН 121140015216. Тел.: +7 725 245 01 61 ҚР, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Қатын көпір шағын ауданы, Аль-Фараби көшесі, 23/3 үй*

**7.** Ықтимал әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептерді дайындауда сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемелекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: *"KazEcoHolding" ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы" ЖШС, БИН 190140011749. Тел.: +7 (7252) 23-29-82 ҚР, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мангельдина к-сі, 37 үй.*

(оның ішінде нақты атауы, ведомствоға бағыныстылығы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары және басқа ақпарат)

**8.** Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні (күндері), уақыты, өткізілетін орны және қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналыстарының уақыты - *03.06.2025 ж., уақыты-11:00, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы: Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, 5А, «Оңтүстік» индустриялық аймағы.*

(қатысушылардың тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда ашық жиналыс өткізілетін барлық күндер көрсетіледі)

**9.** Көзделіп отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. ***Қосымша 1.***

**10.** Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. ***Қосымша 2.***

**11.** Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

2) жергілікті атқарушы орган *Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=kk* орналастырылды.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік–аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды:

*«Айғақ» газеті 28.05.2025 ж №21,*

*Телекомпания «Айғақ», 30.04.2025 ж. №46* ***Қосымша 3.***

*4)* Әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кентредің, ауылдық округтердің,) жергілікті атқарушы органдардың хабарландыру тақталарында және арнайы хабарландыру орналастыруға арналған орындарда: *«Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.*

***Қосымша 4.***

**12.** Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: *Тыңдау хатшысы ретінде бірауыздан Құрал Н.Н. "KazEcoHolding" ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы" ЖШС-нің экологы* сайланды.

«жақтап» - 11 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалғандар» - 0 адам. Регламент бірауыздан бекітілді: Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «жақтап» - 11 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалғандар» - 0 адам.

**13.** Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер.

*Баяндамашы "KazEcoHolding" ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы" ЖШС-нің экологы Сеит Несібелі Айтжанқызы.*

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

***Баяндама Қосымша 5.***

**14.** Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде алынған барлық сұрақтар мен жауаптарды, ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың мәнімен анық байланысы жоқ сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар «қоғамдық тыңдаулардың мәнімен анық байланысы жоқ сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар, «қоғамдық тыңдаулардың мәніне қатысы жоқ» деген белгісі бар кестеге енгізіледі». *Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.*

**15.** Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралатын материалдар мен тыңдалған баяндамалардың сапасы оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан пікірлері, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: *пікірлер мен ұсынымдар кестеде көрсетілді.*

**16.** Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

**17.** Қоғамдық тыңдау төрағасы:

*Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының бас маманы*

Оралбеков Т.Қ. 03.06.2025ж.

**18.** Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: *"KazEcoHolding" ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы" ЖШС-нің экологы*

Құрал Н.Н. 03.06.2025ж.

***Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі***

| № | Қатысушылардың пікірлері менұсыныстары (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)қатысушы, лауазымы, аты-жөні өкілдік ететін ұйым) | Ескертулер мен ұсыныстарға берілген жауаптар (Тегі аты жөні) жауап берушіңіңқызметі, ұйым атауы | Ескерту (алынған Ескерту немесе ұсыныс) |
|---|---|---|---|
| 1 | Сұрақ қоюшы: «Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы: Курбанбаева Р.Н.<br><br>Сұрақ: «Аламан Береке» ЖШС аумағында абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі ме? | Жауап беруші: «Аламан Береке» ЖШС директоры: Дуйсембиева Г.Т.<br><br>Жауап: «Аламан Береке» ЖШС аумағында қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары, соның ішінде көгалдандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп отырады. | |

*қосымша 1*

### «Местный исполнительный орган» или «Государственный орган-разработчик»

Название исполнительного орган *

Управление развития комфортной городской среды г.Шымкент

Электронная почта

e.musabai@shymkent.gov.kz

Интернет ресурс

Контактное лицо

Мусабай Ержан Сапарбекұлы

Скачать в PDF

### Место и время проведения

Дата-время проведения *

03/06/2025 | 11:00

Область *

г.Шымкент

Район/Город *

Енбекшинский район

Сельский округ

Село

Место проведения *

г. Шымкент, Енбекшинский район, индустриальная зона «Онтустик», ул.Капал батыр б/н

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км.)

### Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Наименование газеты, где будет размещено объявление *

Айғақ

Наименование теле или радиоканала, где будет размещено объявление *

Телерадиокомпания "Айғак"

расположение мест, специально предназначенных для Размещения печатных объявлений (доски объявлений) *

г. Шымкент, Енбекшинский район, здание аппарата Акима Енбекшинского района

Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи *

☑

Экологическая оценка – процесс выявления, изучения, описания и оценки возможных прямых и косвенных существенных воздействий реализации намечаемой и осуществляемой деятельности или разрабатываемого документа на окружающую среду. Видами экологической оценки являются стратегическая экологическая оценка, оценка воздействия на окружающую среду, оценка трансграничных воздействий и экологическая оценка по упрощенному порядку.
Оценка воздействия на окружающую среду – процесс выявления, изучения, описания и оценки на основе соответствующих исследований возможных существенных воздействий на окружающую среду при реализации намечаемой деятельности, включающий в себя стадии, предусмотренные статьей 67 Экологического Кодекса / далее по тексту ЭК/.
Сведения, содержащиеся в отчете о возможных воздействиях соответствуют требованиям по качеству информации, в том числе быть достоверные, точные, полные и актуальные.
Оценка воздействия на окружающую среду включает в себя следующие стадии:
1) рассмотрение заявления о намечаемой деятельности в целях определения его соответствия требованиям ЭК, а также в случаях, предусмотренных ЭК, проведения скрининга воздействий намечаемой деятельности;
2) определение сферы охвата оценки воздействия на окружающую среду;

Период начало воздействия * 04/2025

Период окончания воздействия * 12/2034

### Территория воздействия

*Населенные пункты, на которые будут иметь воздействие намечаемая деятельность*

*Перечислите населенные пункты*

| Область | Район/Город | Сельский округ | Село | Описание |
|---|---|---|---|---|
| г.Шымкент | Енбекшинский район | | | |

*Географические координаты участка территория воздействия*

Просмотреть инструкцию

Скачать пример файла

Файл:

Показать на карте

Дополнительная информация о административно-территориальных единиц

Исходящий номер

25532817001

Дата исходящего

28/04/2025

Информация о инициаторе: ""Аламан береке"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

| | |
|---|---|
| Инициатор намечаемой деятельности | ""Аламан береке"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| БИН/ИИН | 121140015216 |
| Электронная почта * | NURDANA_LTD@MAIL.RU |
| Контактный телефон * | 8-725-245-0161 |
| Интернет ресурс | |
| Составитель отчета о возможных воздействиях | |
| Представитель | |

Наименование проекта *

Отчет о возможных воздействиях (ОоВВ)  для утилизации медицинских, производственных отходов и склада временного хранения отходов по адресу: г. Шымкента, улица Капал батыр, 5А, на территории индустриальной зоны «Онтустик»

Основание общественных слушаний *

Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

Описание проекта *

Проект «Отчет о возможных воздействиях» выполнен товариществом с ограниченной ответственностью " EcoCentre-Consulting " с лицензией на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружаю-щей среды государственная лицензия №02099Р от 14.06.2019года в соответствии с нормативно-технической документацией, действующей на территории Республики Казахстан.
Экологическая оценка – процесс выявления, изучения, описания и оценки возможных прямых и косвенных существенных воздействий реализации намечаемой и осуществляемой деятельности или разрабатываемого документа на окружающую

**Фото объявлений, размещенных на досках**

| Наименование файла | Дата создания | Размер |
|---|---|---|
| фото 1.jpeg | 30/04/2025 | 1.36 МБ |
| фото 2.jpeg | 30/04/2025 | 1.37 МБ |

*Фото объявлений о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний, размещенных в местах, доступных для общественности, с угловым электронным штампом времени съемки*

**Подтверждающий документ о своевременном размещении объявления о проведении общественных слушаний в периодическом печатном издании (газета)**

| Наименование файла | Дата создания | Размер |
|---|---|---|
| Газет Айгак №17.pdf | 30/04/2025 | 0.76 МБ |

Добавить файлы ...

**Подтверждающий документ о своевременном размещении объявления о проведении общественных слушаний не менее чем в одном теле- или радиоканале**

| Наименование файла | Дата создания | Размер |
|---|---|---|
| Эфирная справка Аламан береке 30042025.pdf | 30/04/2025 | 0.56 МБ |

**Электронная версия проекта**

| Наименование файла | Дата создания | Размер |
|---|---|---|
| Отчет Аламан береке (1).pdf | 30/04/2025 | 8.88 МБ |
| ЗГЭЭ сферы охвата KZ11VWF00327238_ru (1).pdf | 30/04/2025 | 0.37 МБ |

Проект объявления *

*Текст объявления о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках по форме согласно приложению 1 Правил проведения общественных слушаний*

Хабарландыру!
"Оңтүстік" индустриялық аймағының аумағында Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, 5А мекенжайы бойынша Медициналық, Өндірістік қалдықтарды және қалдықтарды уақытша сақтау қоймасын кәдеге жарату үшін ықтимал әсерлер туралы

**Нетехническое резюме проекта**

*обобщенная информация по материалам, выносимым на общественные слушания, предназначенная для помощи общественности в понимании сложных технических данных. Информация и данные, изложенные в нетехническом резюме, доступны для понимания участниками общественных слушаний различного уровня образованности и (или) различной специализации без применения специальных знаний*

| Наименование файла | Дата создания | Размер |
|---|---|---|
| нетехническое резюме Аламан береке.pdf | 30/04/2025 | 0.22 МБ |

**Фото объявлений, размещенных на досках**

***Қосымша 2***

*Қоғамдық тыңдауларды*
*өткізу қағидаларына*
*4-қосымша*

*Нысан*

**Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы**

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналыска қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Оралбеков Темур | шымкент қолосының пойы ортаны дамыту басқармасы | 8708747 6580 | жеке | |
| 2 | Құрбанбаева Раузa | Еңбекші ауданы әкімінің аппараты. | 87077804868 | жеке | |
| 3 | Балдан Заңғар | Бадам 2 Нурала Бердалиев 1 | 87058948883 | жеке | |
| 4 | Сейдахан Бекасыл | Достық ул. достық. 14 | 87056613781 | жеке | |
| 5 | Османова Гульнара | Бадам 2 ул Р Турысбеков 19 | 87023176060 | жеке | |
| 6 | Джумашов Әділет | шамалған 17 | 87716368848 | жеке | |
| 7. | [illegible] | ТОО Аламан Береке | 87751930246 | жеке | |
| 8. | Колтаева А. | ТОО „Аламан Береке" | 87759400813 | жеке | |
| 9 | Мухтарбек А И | ТОО „ЦНИ и ЭЭ „KazEcoHolding" | 8700 423 2982 | жеке | |
| 10. | Сеит И.А. | ТОО „KazEcoHolding" баяндамашы | 87028913650 | жеке | |
| 11 | Ізұран Н.Н. | жатшы | 8-778-267-38-48 | жеке | |
| | | | | | |

*Қосымша 3*

www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№21 /sársenbi/ 28 mamyr 2025 jyl

АНОНС!

**ӘР БАЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН АШУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МЕКТЕПТЕР**

6-бетте

## ОҢТҮСТІК ӨІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев жұмыс сапарымен Жамбыл облысына барды. Тараз қаласында өткен кеңесте еліміздің оңтүстік өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы және «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Кеңеске Жамбыл облысының әкімі Ербол Карашөкеев, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, сондай-ақ Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерінің өкілдері қатысты.



Кеңесте қатысушыларға жаңа Бюджет кодексі аясында өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес бюджеттік жоспарлаудың негізгі ережелері түсіндірілді. Бұл – өңірлердегі инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандарды тең дамытуға бағытталған маңызды қадам. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Өңірлік стандарттар жүйесімен қамтамасыз ету деңгейі Шымкентте – 87,9% (ел бойынша 2-орын), Жамбыл облысында – 74,1% (4-орын), Қызылорда облысында – 66,8% (6-орын), Түркістан облысында – 66,3% (14-орын) болды. Бұл көрсеткіштер республикалық орташа деңгейден жоғары екенін көрсетті (орташа – 66,1%).

Қанат Бозымбаев кеңесте инфрақұрылымдық жобаларды жоспарлауда өңірлік стандарттарға сүйеніп, нақты қажеттіліктерге сай шешімдер қабылдау қажет екенін атап өтті. Ол сондай-ақ артта қалған елді мекендерді дамытуға бағытталған жобаларға басымдық беруді тапсырды. Бұл ретте Ұлттық экономика министрлігінің бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі ұсынымдарын басшылыққа алу ұсынылды.

Кеңес барысында «Ауыл аманаты» жобасының іске асырылу барысы да талқыланды. Жоба аясында Жамбыл облысында 10 мыңға жуық, Қызылорда облысында 8 мыңға жуық, ал Түркістан облысында 23 мыңнан астам жұмыс орнын құруды көздейтін инвестициялық бастамалар әзірленген. Вице-премьер бұл жобалардың іске асырылуын жеделдетуді, сондай-ақ қаржыландыру мәселесін Қаржы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп шешуді тапсырды.

Сапар барысында Қанат Бозымбаев Қазақ ұлттық су шаруашылығы және мелиорация университетіне барып, профессорлық-оқытушылар құрамымен кездесті. Сонымен қатар, Тараз қаласындағы жаңа шағынауданда салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысымен және Түйте каналы жағалауын абаттандыру жобасымен танысты.

Оңтүстік өңірлердің дамуы – елдің жалпы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы үшін маңызды. Мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан шешімдер осы аймақтардың әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталуда.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**



## ТҮРКІСТАННЫҢ ҚЫТАЙМЕН ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТУДА

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қытай Халық Республикасынан келген инвесторлар делегациясын қабылдап, логистикалық инфрақұрылымды дамыту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді. Екі күндік жұмыс сапарымен келген делегация өңірдің өндірістік әлеуетімен және арнайы экономикалық аймақтардың жұмысымен танысты.

Іскерлік кездесу барысында тараптар логистикалық парктердің даму мүмкіндіктерін зерттеу, энергетика және тау-кен өндіру салаларындағы инвестициялық ынтымақтастықты талқылап, Түркістан облысында бірлескен қойма, сауда өкілдіктері мен индустриялық аймақтар құру мәселелерін көтерді. Қытайлық кәсіпкерлер өз жобаларын таныстырып, бірлескен бастамаларға мүдделі екендерін білдірді.

Өңір басшысы Түркістан облысының экономикалық, индустриялық және туристік әлеуетіне тоқталып, инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

— Түркістан облысы мен Қытай арасындағы әріптестік күн санап артып келеді. Былтыр Хубэй провинциясына жұмыс сапарым аясында басталған іскерлік диалог бүгін нақты жобалармен жалғасып отыр. Түркістан – транзиттік әлеуеті жоғары өңір. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» көлік дәлізі арқылы әлемдік нарыққа тікелей шығуға мүмкіндік бар. Біз логистикалық және индустриялық инфрақұрылымды бірге дамытуға, жүк сақтау, сұрыптау, тарату бағытындағы жобаларды бірлесе іске асыруға дайынбыз. Авиациялық тасымал мен әуежай маңында қызмет көрсету орталықтарын дамыту – басым бағыттардың бірі. Сонымен қатар, бірлескен индустриялық аймақ құру арқылы ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар, — деді Н.Көшеров.

Кездесу аясында делегация Түркістанда салынып жатқан мақта өңдеу зауытына барып, құрылыс барысымен танысты. Сонымен бірге, Сауран ауданындағы Оранғай ауылында орналасқан «Turan» арнайы экономикалық аймағында болды. Мұнда инвесторларға индустриалды жобаларға жасалған жағдайлар мен мемлекеттік қолдау шаралары кеңінен түсіндірілді. Сапар соңында қонақтар Түркістан қаласының тарихи-мәдени нысандарын аралап, өңірдің туризм саласындағы әлеуетімен де танысты.

**Әлия ҚҰРАЛБЕК.**

## ШЫМКЕНТТТЕН ЕУРОПА МЕН АЗИЯҒА ЖАҢА ТІКЕЛЕЙ РЕЙСТЕР

2025 жылғы 26 мамырда Шымкент қаласында халықаралық бағыттарға жаңа тікелей рейстердің ашылуына арналған салтанатты іс-шара өтті. Енді Шымкент әуежайынан Германия, Венгрия, Қытай, Оңтүстік Корея және Египет елдеріне тікелей ұшуға мүмкіндік бар. Бұл бастама Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр және еліміздегі әуежайлардың транзиттік әлеуетін арттыру мен халықаралық әуехабтарды дамытуға бағытталған.

Рейстер Boeing 737 ұшағымен орындалады. Жаңа бағыттар бойынша ұшулар мынадай кесте бойынша орындалады:

- Шымкент – Мюнхен: аптасына 2 рет (сейсенбі, бейсенбі), 27 мамырдан бастап
- Шымкент – Будапешт: аптасына 2 рет (сейсенбі, сенбі)
- Шымкент – Шанхай: аптасына 2 рет (дүйсенбі, бейсенбі), 29 мамырдан бастап
- Шымкент – Сеул: аптасына 2 рет (дүйсенбі, бейсенбі)
- Шымкент – Каир: бастапқыда аптасына 1 рет (бейсенбі), 24 маусымнан бастап аптасына 2 рет (дүйсенбі, бейсенбі)
- Шымкент – Сиань: 2 шілдеден бастап аптасына 2 рет (сәрсенбі, сенбі)
- Шымкент – Үрімші: 4 шілдеден бастап аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма)

Іс-шараға ҚР Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрайымы Салтанат Томпиева, SCAT әуекомпаниясының президенті Владимир Денисов, Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасының басшысы Бексұлтан Әділханов және Венгрия Республикасының Бас консулы Саболч Карой Секе қатысты.

Салтанат Томпиева бұл жаңа рейстер Шымкент әуежайының 2024 жылы 25 желтоқсанда ашылған жаңа жолаушылар терминалы базасында халықаралық әуехабқа айналуына жол ашатынын атап өтті. Жаңа терминалдан бөлек, әуежайда перрон мен әуе кемелеріне арналған тұрақтар жаңартылып, вокзал маңы алаңы салынды.

Аталған халықаралық бағыттардың іске қосылуы өңірлік және ұлттық деңгейдегі іскерлік байланыстар мен сауда-экономикалық қарым-қатынастарды нығайтуға серпін береді. Азаматтық авиация комитеті ұшу географиясын одан әрі кеңейтіп, халықаралық рейстердің санын арттыру және Қазақстанның транзиттік әлеуетін көтеру бағытында жұмысын жалғастыруда.

**Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.**

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ СМАРТФОНДАРЫН СӘЙКЕСТЕНДІРУ МЕРЗІМІ 25 МАУСЫМҒА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

2025 жылғы 25 наурызда ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына енгізілген өзгерістер күшіне енді. Тиісінше, 25 наурызға дейін елге әкелінген және азаматтар қолданып жүрген барлық смартфондар қосымша сәйкестендіруді қажет етпейді. Олар сәйкестендірілген болып саналады және автоматты түрде «ақ» тізімге енді. Бұл туралы ОКҚ алаңында ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникациялар комитетінің төрағасы Дамир Сейсембеков мәлімдеді.

25 мамырдан бастап заңды тұлғалар, оның ішінде импорттаушылар, брендтердің ресми өкілдері, сондай-ақ уәкілетті сервистік орталықтар үшін абоненттік құрылғыларды әкелу және/немесе жөндеу туралы мәліметтерді міндетті түрде верификациялау енгізіледі. Жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары үшін құрылғыларды сәйкестендіру мүмкіндігі 25 маусымға дейін қарастырылған.

«Егер сіз жеке тұлға болсаңыз, телефонды сәуір немесе ақпан айларында сатып алсаңыз, бірақ оны қосуға үлгермесеңіз, онда бұл телефонды (әрбір жеке тұлға 2 құрылғыдан) порталға кіріп, оны тегін сәйкестендіре аласыз. 25 маусымға дейін жеке тұлғалар үшін Бұйрықты қолдану мерзімі ұзартылды», – деді ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникацияла комитетінің төрағасы.

Бұл ретте ведомство өкілі 25 маусымға дейін телефонды сәйкестендірмеудің салдары туралы айтып берді.

«Ережеге сәйкес, егер симкарта салынған телефон сәйкестендірілмесе, онда телефонның верификациядан өтпегені туралы смс келеді және ол «сұр» тізімге түседі. Тиісінше, оны 30 күннің ішінде «ақ» тізімге ауыстыру мүмкіндігі болады. Егер оны мемлекеттік шекара арқылы өзіңіз әкелген болсаңыз, онда шекарадан өткеніңізді көрсете отырып, оны сәйкестендіруге болады. Немесе осы техниканы сатқан жерге хабарласып, оны қайтарып беріңіз. Сондай-ақ 30 күн бойы телефонды пайдалана аласыз, ешқандай қызметтер шектелмейді, бірақ телефоныңыз «сұр» тізімде деген смс келіп тұрады», – деді Дамир Сейсембеков.

ЦДИАӨМ өкілінің айтуынша, 30 күннен кейін телефон қара тізімге енгізіледі, бұғатталмайды, бірақ ұялы байланыс желілерінде жұмыс істемейді.

Верификация kz-imei.kz порталы арқылы жүзеге асырылады.

## БИЫЛ 500-ДЕН АСТАМ ЭНЕРГИЯ НЫСАНДАРЫН ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНҒАН

Үкімет отырысында «KEGOC» компаниясының басқарма төрағасы Нәби Айтжанов өткен күзгі-қысқы кезеңнің қорытындылары және алдағы 2025-2026 жылдың маусымына дайындық туралы баяндады. Оның айтуынша, өткен маусымда еліміздің электр станцияларында қажетті жоспарлы жөндеу жұмыстары уақтылы жүргізілді.

«2024-2025 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық шеңберінде электр стансаларында жабдыққа, оның ішінде 10 энергия блогына, 55 қазандыққа және 45 турбинаға жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бірыңғай сатып алушының жоспарланған электр энергиясын импорттауы электр станцияларында жөндеу науқанын жүргізуге мүмкіндік берді», — деп атап өтті ол.

«Нәтижесінде, 2024-2025 жылдардағы КҚК-да электр стансасы жабдықтарының авариялық тоқтаулары саны 27%-ға төмендегені, ұзақтығы 25%-ға қысқарғаны байқалады. Сондай-ақ блоктық электр стансалары жабдықтарының авариялық тоқтаулар саны 5%-ға төмендегені, ұзақтығы 47%-ға қысқарғаны байқалады», — деді «KEGOC» компаниясының басқарма төрағасы Нәби Айтжанов.

Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) өткен КҚК-дағы тұтыну максимумы 2024 жылғы 08 желтоқсанда тіркелді және 17,2 МВт-ты құрады.

Алдағы жылыту кезеңіне келетін болсақ, KEGOC есептеулері бойынша 2025-2026 жылдардағы КҚК-да максималды тұтыну 17 600 МВт деңгейінде болады деп болжануда.

«2025 жылы электр станцияларындағы жөндеу науқаны барысында 10 энергия блогын, 63 энергетикалық қазандықты, 39 турбинаны күрделі және орташа жөндеуден өткізу жоспарлануда. 2025 жылғы 21 мамырдағы жай-күй бойынша 1 энергия блогы, 2 бу қазандығы мен 1 бу турбинасы жөндеуден өтті. Дайындық деңгейлері әртүрлі: 4 энергия блогы, 19 бу қазандығы, 10 турбина жөндеуде тұр», — деді басқарма төрағасы.

2025 жылы 577 нысанда жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Н.Айтжанов алдағы КҚК өту үшін негізгі шарттарды белгіледі.

Оның айтуынша жүйелік оператор келіскен мерзімде негізгі генерациялаушы және электр желілік жабдықтардың барлық жоспарланған жөндеулерін орындау, жылу электр стансаларында көмірдің нормативтік қорларын, газ электр стансалары үшін газды үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету, Жамбыл ГРЭС-ін техникалық сумен жабдықтау қажеттіліктері үшін жеткілікті отынмен, салқындатқыш сумен және генерацияның қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетуші персоналмен қамтамасыз ету бойынша мәселені алдын ала шешу қажет.

## КЕРАТОПЛАСТИКА ЖАСАУ ҮШІН ОФТАЛЬМОЛОГИЯЛЫҚ КЛИНИКАЛАР БАЗАСЫ КЕҢЕЙТІЛЕДІ



Қазақстанда көздің мөлдір қабығын трансплантаттау немесе кератопластика жүргізу үшін меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдардың тізімі кеңейтіледі. Бұл шешім жоғары технологиялы медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, мұқтаж жандарға ел аумағында уақтылы ем алуға мүмкіндік береді.

Мәжілістің екінші оқылымында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заң жобасының шеңберінде тиісті норма мақұлданды. Бұған дейін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне сәйкес мұндай операцияларды тек мемлекеттік клиникаларда жүргізуге ғана рұқсат етілген болатын.

Қазіргі таңда Қазақстанда 2500-ден астам азамат медициналық көрсетілімдер бойынша мөлдір қабықты ауыстыруға мұқтаж, бірақ ел ішінде бұл қызметті ала алмай отыр. Бүгінгі таңда Асфендияров атындағы ҚазҰМУ офтальмологиялық орталығының базасында орындалатын операциялар саны тым жеткіліксіз, сондықтан арнайы даярлықтан өткен мамандары мен заманауи диагностика және операциялық жабдықтары бар медициналық ұйымдар тізімін кеңейту қажеттілігі туындап отыр.

Ресей, Украина, Грузия, Өзбекстан және Беларусь сынды көршілес елдердің тәжірибесіне сүйенсек, біздің азаматтарға мөлдір қабықты трансплантаттау бойынша операциялар медициналық туризм шеңберінде көрсетілуде, бұл өз кезегінде мұқтаж науқастар мен олардың отбасыларына үлкен материалдық ауыртпалық түсіріп, медициналық көмектің, әсіресе балалар үшін, қолжетімділігін шектейді.

Әлемде жыл сайын шамамен 180 мың мөлдір қабықты ауыстыру операциясы жүргізілсе, соның тек 42 мың трансплантаттауы АҚШ-тың үлесіне тиеді. Қазақстанда бұл көрсеткіш жылына шамамен 200 операцияны құрайды.

## ХАЛЫҚТЫ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ ҮШІН 2500 ШАҚЫРЫМ СУ ҚҰБЫРЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР



Еліміздің 9 облысында жалпы саны 30 су құбырын салу және қайта жаңарту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, Ақмола, Атырау, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Ұлытау облыстарында, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Барлық жоба жүзеге асқанда, шамамен 1,3 миллион адам тұратын 468 елді мекенде ауыз су жағдайы жақсарады.

«Президенттің қазақстандықтарды ауыз сумен толықтай қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында былтыр топтық су құбырларын салу және қайта жаңарту бойынша 8 жоба аяқталды. Жұмыстар еліміздің алты өңірінде жүргізілді. Олар: Ақмола, Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Ұлытау облыстары. Бұл 208 мың адам тұратын 49 елді мекеннің сумен қамтылу жағдайын жақсартты», – деді су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

## БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ ҮШІН ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туризм саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдаудың 7 түрі қолданылады. Атап айтқанда:

1. Келу туризмін ынталандыруға арналған субсидиялар

Келу туризмімен айналысатын отандық туроператорларға шетелдік туристерді тартқаны үшін әрбір адамға 15 000 теңге көлемінде субсидия төленеді. Бұл үшін шетелдік туристің елде кемінде 4 күн, 3 түн тоқтағаны және eQonaq жүйесінде тіркелгені растау қажет.

2. Балаларға арналған әуе билеттерін субсидиялау

Ішкі туризмді дамыту аясында 18 жасқа дейінгі балалар ел ішінде тегін ұшады. Ол үшін ішкі туризм саласында қызмет көрсететін туроператордан тур сатып алу қажет.

3. Тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техника сатып алу. Кәсіпкерлерге аспалы жолдар, қар тазалау техникасы, жасанды қармен қамтамасыз етуге арналған жабдықтар сатып алғаны үшін мемлекет шығынның 25% өтеп береді.

4. Жол бойындағы сервис нысандарын салуға жұмсалған шығындарды өтеу

Мотельдер, жанармай құю станциялары, тамақтану орындары, дәріханалар және өзге де қызмет көрсету нысандарын салуға жұмсалған шығындардың 10%-ы мемлекет есебінен өтеледі.

5. Санитарлық-гигиеналық тораптарды (СГТ) ұстауға арналған субсидия

6. Туристік объектілерді салу немесе жаңғырту шығындарын өтеу

Туристік қызмет көрсету нысандарын және туристерге қажетті бағыттарда салынатын немесе қайта жаңғыртылатын объектілерді салу шығындарының 10%-ы субсидияланады.

7. Туристік автобустарды сатып алуға арналған өтемақы

Сыйымдылығы 8 орыннан асатын автобустарды сатып алу шығындарының 25%-ы өтеледі. Бұл ретте техника кемінде 5 жыл бойы тек туристік мақсатта пайдаланылуы тиіс.

## ҮЙ ЖАНУАРЫҢЫЗДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ПАСПОРТЫ ЕНДІ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА

Енді үй жануарларының цифрлық паспорттары eGov Mobile қосымшасында қолжетімді! Мысық, ит және басқа да үй жануарларының иелері олардың мәліметтерін eGov Mobile мобилді қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөлімінен қарай алады.

Барлық мәліметтер TABAN – үй жануарларын есепке алу Бірыңғай деректер базасынан жүктеледі. Бұл жүйеде тіркелген барлық жануарлар және оларға қатысты маңызды оқиғалар жазылып отырады.

Цифрлық паспортта мына мәліметтер қамтылады: жануардың жеке нөмірі, құжат нөмірі, аты, түсі, тұқымы, туған күні, ерекше белгілері, жануардың түрі мен жынысы, тіркелген мекенжайы, нақты тұратын мекенжайы, иесінің толық аты-жөні мен ЖСН, сондай-ақ чиптеу, стерилизация және вакцинация туралы ақпарат – даталары мен мәртебелері көрсетілген.

Қызметті пайдалану үшін:

eGov Mobile қосымшасына авторизациядан өтіп;

«Цифрлық құжаттар» сервисіне кіру қажет;

«Басқа құжаттар» бөлімінде Жануар паспортымен танысу керек;

егер құжат көрінбесе, «Құжаттарды жаңарту» батырмасын басу қажет.

Цифрлық төлқұжат ветеринарлық клиникаға барғанда, саяхатқа шығарда, көрмелерге қатысқанда немесе жануар жоғалған жағдайда оның деректерін жедел ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл қызмет үй жануарларын жүйелі түрде есепке алуға, қаңғыбас жануарлар санын азайтуға және иелерінің жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді.

2025 жылғы наурыз айындағы жағдай бойынша жүйеде 224 мыңнан астам үй жануары тіркелген, оның ішінде 20 мыңнан астамы – үйсіз жануарлар.

Бетті жинақтап, дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

# ТҮРКІСТАНДА АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ФОРУМЫ ӨТТІ

Түркістан қаласындағы «Rixos Turkistan» қонақ үйінде ақпараттық қауіпсіздік пен кибермәдениет мәселелеріне арналған республикалық форумы өтті. «Cyber Quryltai: Түркістандағы қауіпсіздік оазисі» атауымен ұйымдастырылған бұл шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 80-ге жуық маман жиналды.

Форум Түркістан облысы әкімдігі мен облыстық цифрландыру, мемлекеттік қызметтер және архивтер басқармасының бастамасымен ұйымдастырылып отыр. Мақсат – қазіргі цифрлық дәуірдегі ақпараттық қауіпсіздікке қатысты маңызды мәселелерді ортаға салып, мемлекет пен жеке сектор арасындағы серіктестікті дамыту, заманауи қауіп-қатерлерге қарсы тиімді шешімдер табу.

Іс-шара барысында «Касперский зертханасы» компаниясының өңірлік директоры Владимир Зубанов модераторлық етті. Форумды Түркістан облысы әкімінің аппарат басшысы Еркебұлан Дауылбаев ашып, қатысушыларға табысты жұмыс тіледі. Ол өз сөзінде Түркістанның тек рухани ғана емес, цифрлық қауіпсіздік пен жаңа технологиялардың да орталығына айналып келе жатқанын атап өтті.




– Бүгінгі кездесу – ақпарат алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар стратегиялық серіктестіктердің қалыптасуына негіз болатын платформа. Түркістан – заманауи цифрлық шешімдер мен қауіпсіздіктің тоғысқан орталығы. Біздің міндет – осы бағытты әрі қарай дамыту, – деді ол.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Үмітжан Арықбекова өз сөзінде халықаралық стандарттарды енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

Форум аясында Turkistan Hub орталығының жұмысы туралы да сөз болды. Бұл орталық аймақтағы IT стартаптарды қолдап, жастарды оқыту, акселерациялық бағдарламалар мен цифрлық кәсіпкерлікті дамыту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Ауылдық жерлерде ашылып жатқан «Smart Hub» орталықтары арқылы сандық білім мен мүмкіндіктер шалғай елдімекендерге де жетуде.

Биыл Түркістанда Оңтүстік Кореяның «Woosong» университетінің филиалы ашылмақ. Бұл – өңірге заманауи IT-білім беру моделін енгізіп, инновациялық жобалардың дамуына жол ашпақ. Сонымен қатар, қытайлық «Sunwah Group» компаниясымен халықаралық IT park құру жобасы қолға алынуда.

Форумның мазмұны панельдік сессиялармен толықты. «Цифрландыру мен киберқауіпсіздіктегі инновациялық тәсілдер» атты негізгі отырыста сарапшылар өз ойларымен бөлісті. Баяндамалар Hikvision технологиялары негізіндегі қауіпсіз қалалар құру, деректерді қорғау мен заң талаптарын сақтау, Checkpoint өнімдері, серверлік инфрақұрылым және микро-деректер орталықтарының маңызы сияқты тақырыптарды қамтыды.

Шараның екінші бөлігінде министрлік жанындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің қатысуымен арнайы сессиялар мен оқыту тренингтері өтті. Сонымен қатар, форум қонақтары Түркістан қаласының туристік және инвестициялық мүмкіндіктерімен танысты.

# ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОҒАЛТПАЙ ОТЫР

Түркістан облысы әкімдігінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған кеңес өтті. Жиын барысында салаға жауапты мекемелердің есебі тыңдалып, өзекті мәселелер мен шешу жолдары талқыланды.

Облыс әкімі жиында қауіпсіздік бағытындағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

– Жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған шараларды күшейтіп, қауіпті учаскелерді нақтылап, қажетті жол белгілерін орнату керек. Жол сапасына жауапты мекемелер инфрақұрылымды жақсартуға баса назар аударуы тиіс, – деді өңір басшысы.

Полиция департаменті бастығының орынбасары Бағланбек Айтпаевтың айтуынша, жол-көлік оқиғалары – еліміз бойынша өзекті мәселе. Түркістан облысында бұл бағытта полиция тарапынан түрлі алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда күн сайын 290 патрульдік полиция қызметкері жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмылдырылуда.

Цифрландыру арқылы да тиімді шаралар қолға алынуда. Облыс аумағында жылдамдықты асыру деректерін тіркейтін 25 мобильді жүйе және 215 автоматтандырылған кешен жұмыс істеп тұр. Бұлар қозғалысты бақылап, құқық бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайды.

Сондай-ақ, «Түркістан–Шымкент» және «Шымкент–Тараз» бағыттарындағы ақылы жолдарда орташа жылдамдықты есептейтін заманауи бейнебақылау жүйелері енгізілген. «ҚазАвтоЖол» мекемесі орнатқан бұл жүйелер нәтижесін көрсетіп, іске қосылған күннен бері осы жолдарда бірде-бір жол-көлік оқиғасы тіркелмеген.

Қауіпсіздікті одан әрі арттыру үшін әуеден бақылау әдісі де енгізілді – дрондар арқылы қарсы бағытқа шығу секілді заңбұзушылықтар анықталуда.

Кеңесте Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті, «ҚазАвтоЖол» мекемесі және өңірлік көліктік бақылау инспекциясының өкілдері өз ұсыныстарын білдіріп, тиісті баяндамалар жасады. Барлық айтылған мәселелер бақылауға алынып, алдағы уақытта кешенді түрде шешу жоспарланып отыр.

# ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛУДА

Түркістан облысында биыл халықты жұмыспен қамту бағытында ауқымды шаралар жүзеге асырылуда. «Өңірлік жұмыс орындарын құру картасы» аясында 2025 жылға дейін 130 769 жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Соның ішінде 83 554-і – тұрақты, ал 47 215-і – уақытша жұмыс орындары. Өңір басшысы Нұралхан Көшеров бұл бастаманы жіті бақылауға алып, орындалуына ерекше мән беруде.

Жуырда облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаевтың төрағалығымен өткен кеңейтілген алқа отырысында жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау саласындағы 2025 жылдың алғашқы төрт айындағы жұмыс қорытындылары талқыланды. Жиында Еңбек мобильділігі орталығының директоры Абзал Казанкапов атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Оның айтуынша, жұмыссыз азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту үшін 7 883 жаңа жұмыс орны ашу көзделсе, нақты 12 031 жұмыс орны құрылған. Тек соңғы айдың ішінде 4 148 азамат тұрақты жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар, «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орны» жобасы шеңберінде 1 747 жұмыс орны құрылып, бір айда 775 жаңа жұмыс орны ашылған. Ұлттық жобалар аясында 321 адам еңбекпен қамтылды. Алайда, Түлкібас, Төлеби, Қазығұрт және Отырар аудандарында бұл бағыттағы жұмыстардың баяу жүруі сынға алынды.



Уақытша субсидияланатын жұмыс орындарына биыл 32 465 азаматты тарту жоспарланған. Қазіргі таңда 19 447 адам жұмысқа орналасқан. Кеңесте Бейсенбай Тәжібаев жұмыс қарқынын арттыруды тапсырып, жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

– Барлық аудан, қала әкімдері бекітілген индикаторлардың орындалуын басты назарда ұстауы қажет. Субсидиямен жұмысқа орналасқан азаматтардың еңбек тәртібін бақылап, жұмыс берушілердің міндеттемелерін орындауы қадағалансын. Қаржының тиімсіз жұмсалуына жол берілмейді. Бекітілген квоталарды орындау үшін нақты іс-шаралар жоспарын құрып, жұмыстың орындалуын жүйелі түрде баяндап отырыңыздар, – деді ол.

Әлеуметтік қолдау бағыты бойынша да оң нәтижелер бар. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсия Темірбаева берген мәліметке сүйенсек, 2025 жылы аз қамтылған азаматтар санын 20%-ға қысқарту межеленген. Төрт ай ішінде 49 037 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төлем жүргізілген. Бұл – 7 995 отбасы. Кедейлік деңгейі 2,3%-ды құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 2,1%-ға төмендеген. АӘК алушылардың жалпы саны 45 713 адамға дейін қысқарған, бұл – 48,2%-ға азайғанын көрсетеді.

Жұмыспен қамту мен әлеуметтік қолдау бағытындағы шаралар өңірде жүйелі түрде жалғасып, үнемі бақылауда болады.



# АЛҒАШҚЫ 100 ТОННА ӨНІМ РЕСЕЙГЕ ЭКСПОРТТАЛДЫ

Түркістан облысының Жетісай ауданында биылғы ауыл шаруашылық маусымы қарқынды басталды. Жергілікті шаруалар еңбек маусымын жоғары дайындықпен қарсы алып, алғашқы нәтижелерін көрсете бастады. Атап айтқанда, Жетісайдың ерте пісетін қауындары пісіп, шетелге жөнелтіле бастады. Қазіргі таңда алғашқы 100 тонна өнім Ресей Федерациясына экспортталды.

Аудан шаруалары жалпы 79,3 мың гектар суармалы жердің 43 мың гектарына мақта шитін, 16,7 мың гектарына бақша дақылдарын, 7,5 мың гектарына дәндік жүгері, 3,6 мың гектарға көкөніс, ал 6,7 мың гектарына мал азығын егуде. Қазіргі таңда көкөніс дақылдарынан 36 мың тонна өнім жиналды. Бұл көрсеткіш – биылғы маусымның жақсы басталғанының дәлелі.

Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округінде орналасқан «Әл-Фараби» шаруа қожалығы жыл сайынғы дәстүр бойынша өз өнімін нарыққа өзгелерден бұрын шығарып отыр. Қожалықтың төрағасы, тәжірибелі дихан Әл-Фараби Күзенбаев 50 гектар алқапқа «Нұр-Бакинка» және «Дампера» сортындағы қауындарды еккен. Сонымен қатар, ол 250 гектарға мақта дақылын сепкен.

– Биыл қауындар жылдағыдан ертерек пісті. Көшеттер 70 күнде өнім берді. Нарықтағы сұраныс жоғары. Алғашқы өнімімізді Ресейге жөнелтіп жатырмыз. Қауынның келісі 400 теңгеден сатылуда. Тікелей егістік басынан тиеп, ешбір делдалсыз жөнелтудеміз. Бұл – біз үшін тиімді әрі өнімнің сапасына деген сенімді арттырады, – дейді Әл-Фараби Анарбайұлы.

Қожалық бүгінде 30-ға жуық жергілікті тұрғынды маусымдық жұмысқа тартып отыр. Олар күніне 8-12 мың теңге көлемінде еңбекақы алады. Қауын алқабынан орта есеппен гектарына 400 центнерден өнім алу көзделуде.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, өткен жылы Жетісайда 110 мың тонна мақта, 549 мың тонна бақша дақылдары, 88,8 мың тонна көкөніс, 46,1 мың тонна дәнді және бұршақты, 67,7 мың тонна мал азықтық дақылдар жиналған. Биыл да бұл көрсеткіштерге жетіп, тіпті асып түсуге барлық алғышарт бар.

**Бетті дайындаған:**
**Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.**

## ШЫМКЕНТ ПЕН ОШ АРАСЫНДАҒЫ ЖАҢА СЕРІКТЕСТІК КЕЗЕҢІ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛ КАРТАСЫ МЕН ҚҰРМЕТТІ КОНСУЛДЫҚ АШЫЛДЫ

Шымкент қаласы мен Қырғыз Республикасының Ош қаласы арасындағы әріптестік жаңа деңгейге көтерілді. 2025–2028 жылдарға арналған екіжақты ынтымақтастық Жол картасы бекітіліп, тараптар мәдени-гуманитарлық, экономикалық, инвестициялық және жастарға бағытталған жобаларды бірлесе жүзеге асыруға уағдаласты.

Бұл тарихи құжат Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы өзара тиімді серіктестікті дамытуға тың серпін бермек. Жол картасы өңірлер арасында тәжірибе алмасуды, мәдени іс-шаралар өткізуді, ортақ бизнес-жобаларды іске асыруды және жастар бастамаларын қолдауды қамтиды.

Сонымен қатар, Шымкент қаласында Қырғыз Республикасының Құрметті консулдығы салтанатты түрде ашылды. Бұл дипломатиялық бастама бауырлас халықтар арасындағы достықты бекемдеп, экономикалық байланыстарды жаңа деңгейге көтеруге ықпал етпек.

Іс-шараға Ош қаласы әкімінің бірінші орынбасары Адилет Шаршеналы уулу, Қырғыз Республикасының Алматыдағы Бас консулы Женишбек Асанкулов, Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш Асылов және екі елдің бизнес өкілдері қатысты. Құрметті консул қызметіне Талғат Айтбаев тағайындалды.

Қонақтар Шымкенттегі «Alageum Electric», «Aqua Rossa» және «Smart Group» секілді өндірістік кәсіпорындарды аралап, өңірдің өндірістік және инвестициялық әлеуетімен танысты.

Бұл шаралар – Шымкент пен Ош қалалары арасындағы ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тату көршілік пен сенімді әріптестіктің нақты көрінісіне айналды.

## ШЫМКЕНТТЕ 650 МЛН ДОЛЛАРЛЫҚ ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ САЛЫНЫП ЖАТЫР



Шымкентте жалпы аумағы 650 гектар болатын ірі жылыжай кешенінің құрылысы басталды

Шымкент қаласында Қазақстандағы ең ауқымды жылыжай кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Жобаны Түркияның Alarko Holding компаниясы жүзеге асыруда. Жалпы инвестиция көлемі 650 миллион АҚШ доллары, ал жылыжай кешенінің аумағы 650 гектарды құрайды. Бұл – елдегі ғана емес, Орталық Азиядағы ең ірі жылыжай жобаларының бірі.

Жоба екі кезеңмен жүзеге асырылады:

•Бірінші кезең 2026 жылдың соңына дейін аяқталады. Осы кезеңде 208 гектар аумақта жылыжайлар тұрғызылып, 226 миллион доллар инвестиция тартылады. Қазір құрылыс алаңында жылыжай конструкцияларын орнату жұмыстары аяқталып, жабдықтар монтаждалып жатыр. Алғашқы 40 гектарлық жылыжай кешені 2025 жылдың шілдесінде іске қосылады деп күтілуде. Құрылыс алаңында қазіргі таңда екі ауысыммен 400-ге жуық жұмысшы еңбек етуде. Бірінші кезең толық іске қосылғанда 1 750 жаңа жұмыс орны ашылады.

•Екінші кезең Шымкенттегі Мәртөбе тұрғын алабында жүзеге асырылады. Бұл кезеңде 441 гектар жер игеріліп, 423 миллион доллар инвестиция бағытталады.

Өндірістік қуаты жоғары:

Кешен толық іске қосылғанда, жылына 175 мың тоннаға дейін қызанақ өндірілетін болады. Бұл өнім Қазақстанның ішкі нарығынан бөлек, Оңтүстік Корея, Жапония және Ресейге экспорттталады. Ауқымды жобаның нәтижесінде 5 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Әлеуметтік бастамалар мен экологиялық шешімдер:

Инвестициялық жобаның шеңберінде тек ауыл шаруашылығы емес, әлеуметтік және білім беру бағыттары да қарастырылған. Жоба аясында балаларға арналған ойын алаңдары салынып, агросала мамандарын даярлайтын арнайы академия ашылады. Сонымен қатар, экологиялық таза технологиялар енгізу жоспарланған.

Бұл жоба – Шымкенттің агроөнеркәсіптік әлеуетін жаңа деңгейге шығарып, қала мен өңір экономикасының дамуына серпін беретін стратегиялық қадам.

## САУРАНДА ЖАҢАРТЫЛҒАН КӨПІР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ



Түркістан облысының Сауран ауданында өңір тұрғындары үшін маңызды инфрақұрылымдық нысан – КХ-59 «Түркістан–Қарнақ» автожолының бойындағы көпір күрделі жөндеуден кейін қайта пайдалануға берілді. Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов арнайы қатысып, тұрғындарды жаңа көпірдің іске қосылуымен құттықтады.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту – өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырудың негізгі бағыттарының бірі. Осы тұрғыда іске асқан бұл көпір – Сауран ауданындағы көлік қатынасының маңызды торабы. Оның жалпы ұзындығы 72 метр, ал ені 9 метрді құрайды.

Көпірді қайта жаңғырту жұмыстары 2024 жылы басталып, 2025 жылы толық аяқталды. Жоба аясында бұрынғы ескі көпір бұзылып, орнына 72 дана темірбетон қада қағылып, ұзындығы 24 метрлік 27 дана темірбетон плита орнатылды. Сонымен қатар, жаңа қоршаулар мен асфальт жабындысы төселді. Құрылыс кезеңінде көлік қозғалысы үзілмес үшін ұзындығы 820 метр болатын айналма жол салынған.

Жөндеу жұмыстары Түркістан облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырысы негізінде жүзеге асырылды. Бұл көпір – жай ғана жол өткелі емес, ол ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік және экономикалық байланысты күшейтетін маңызды нысан. Тұрғындар үшін қауіпсіз әрі ыңғайлы жол қатынасын қамтамасыз ететін көпір енді ұзақ жылдар бойы қызмет етпек.

Салтанатты шарада Зұлпыхар Жолдасов аймақта жүзеге асырылып жатқан және алдағы жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларға тоқталып, Сауран ауданында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған істер жалғасын табатынын айтты.

Бұл көпір – халықтың игілігі үшін жасалып жатқан жүйелі жұмыстың бір көрінісі.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ "КЕЛЕШЕК" ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША АЛҒАШҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

235 920 теңге көлеміндегі мемлекеттік білім беру капиталын қазақстандықтар 2025 жылдың 31 тамызына дейін алатын болады. Ол осы жылдың бірінші жартыжылдығында 5 жасқа толған немесе толатын балаларға есептеледі. Мемлекеттен осы материалдық қолдауды алу үшін Отбасы банкте ("Бәйтерек" холдингінің еншілес ұйымы) "AQYL" білім беру жинақтау салымын ашу қажет.

Бүгінгі күннің өзінде 6 624 ата-ана аталмыш депозиттерді ашып үлгерген.

**"AQYL" депозитін ашудың төрт тәсілі?**

1.Баспана маркет порталында. Ол үшін otbasybank.kz сайтында жеке кабинетке кіру керек, содан кейін "Менің банкім" қойындысын ашып, "Депозиттерге" өту керек. Әрі қарай "Жаңа депозит" батырмасын басып, "AQYL" депозитін ашу қажет;

2. Отбасы банктің Otbasy bank мобильді қолданбасында. Ол үшін мобильді қолданбада "Менің банкім" батырмасын басу керек, содан кейін "Жаңа депозитті ашу" қойындысына өтіп, білім депозитін ашу батырмасын таңдау керек.

3. Банк бөлімшелерінде;

4. Кеңесшілердің көмегімен. https://hcsbk.kz/network-agents/ сілтемесі арқылы өз қалаңыздағы кеңесшіні таңдауға болады;

5. Банктің hcsbk.kz сайтындағы бейне қоңырау арқылы.

**"AQYL" депозиттері бұрын ашылып қойған адамдар не істеуі керек?**

Маңызды! Егер Отбасы банкте «AQYL» депозиті бұрын ашылып қойған болса және 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бала 5 жасқа толса, онда ата-аналар 2025 жылдың 15 мамырынан бастап 2025 жылдың 30 маусымын қоса алғанға дейін Баспана маркет (otbasybank.kz) порталындағы жеке кабинетінде «AQYL» депозитіне қосымша келісімге қол қойып үлгерулері қажет.

Ол үшін otbasybank.kz сайтында жеке кабинетке кіріп, содан кейін "Менің банкім" және "Депозиттер" қойындысына өту қажет. Онда қосымша келісімге қол қою туралы хабарлама автоматты түрде пайда болады. Бір рет басу арқылы қол қойылады – бұл үшін SMS-пен келетін кодты енгізу жеткілікті.

«Otbasy bank» мобильді қосымшасында келісімге қол қою қызметі алдағы күндері қолжетімді болады. Банк бұл туралы өз клиенттеріне қосымша хабарлайды.

**"Келешек" жинақтау жүйесі шеңберінде мемлекеттік білім беру капиталы қашан түседі?**

- 2025 жылдың 31 тамызына дейін, егер бірінші жартыжылдықта балалар 5 жасқа толса және оларға «AQYL» депозиті ашылса немесе 2025 жылдың 30 маусымына дейін қолданыстағы «AQYL» депозитіне қосымша келісімге қол қойылса.

- 2026 жылдың 28 ақпанына дейін, егер балалар 2025 жылдың 1 шілдесінен 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде 5 жасқа толса және оларға «AQYL» депозиті ашылса немесе биыл қолданыстағы «AQYL» депозитіне қосымша келісімге қол қойылса.

**"Келешек" бағдарламасы аясында балалар мемлекеттен қанша сома алады?**

Бастапқы білім беру капиталы 2025 жылы 60 АЕК немесе 235 920 теңгені құрайды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін бастапқы білім беру капиталы 2025 жылы 120 АЕК немесе 471 840 теңгені құрайды.

2025 жылы мемлекеттен 235 920 теңгеден басталатын бастапқы білім беру капиталы биыл 5 жасқа толатын балаларға есептеледі.

"AQYL" депозитінің талаптары:

- сыйақы мөлшерлемесі 13,58% (ЖТСМ 14,5% бастап):

- мемлекеттік сыйлықақы: салымшылардың барлық санаттары үшін - 5%. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, көп балалы отбасылардан шыққан және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үшін - 7 %.

-депозитті ашу кезінде міндетті бастапқы жарнаның мөлшері 3 АЕК немесе 11 796 теңгеге тең (2025 жылы). Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін бастапқы жарна жоқ.

Мемлекеттік сыйлықақы жинақтаудың ең аз мерзімі 1 жыл болғанда есептеледі, яғни мемлекеттік сыйлықақыны есептеу үшін салым бір жылға толуы тиіс.

Егер сіз депозитті 2025 жылдың ақпанында ашсаңыз, онда мемлекеттік сыйлықақы тек 2027 жылы есептеледі, өйткені 2026 жылдың 1 қаңтарында сіздің депозитіңізге небәрі 11 ай болады.

**Қандай жағдайларда мемлекеттен бөлінген бастапқы капитал бюджетке қайтарылады?**

Мемлекеттің бастапқы капиталы «AQYL» депозитіне есептеледі.

Оны сақтау үшін ата-аналар "AQYL" депозитіне балалары кәмелетке толғанға дейін немесе білім беру ұйымына түскенге дейін жыл сайын жарна салып тұрулары қажет.

Бір жылдағы ең төменгі жарна 2025 жылы 24 АЕК немесе 94 368 теңге. Халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы балалар үшін - 2025 жылы 12 АЕК немесе 47 184 теңге.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ашылған "AQYL" депозитіне жыл сайын міндетті жарналарды салудың қажеті жоқ.

Жарналарды бір мезгілде бір сомамен жасауға немесе жыл бойы бөліп-бөліп салуға болады - ең бастысы, жыл соңына дейін ең төменгі жарнаны енгізу жөніндегі талапты сақтау қажет.

*Бастапқы білім беру капиталы салымға аударылғаннан кейін ғана енгізілген жарна сомасы ескерілетінін назарға алу қажет. Бастапқы білім беру капиталын есептегенге дейін шотта болған жинақтар ескерілмейді.*

## ӘР БАЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН АШУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МЕКТЕПТЕР

Еліміздегі «Жайлы мектептерде» қарым-қабілетіне қарамастан, кез келген балаға жағдай жасалған, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін де жеке санитариялық бөлмелер, кең кабинеттер, жеделсаты, пандустар, арнайы белгілер, психолог, логопед және дефектолог кабинеттері бар. Мұғалімдер интерактивті технологиялар мен пәндік зертханаларды қолдана отырып, әр оқушының қызығушылығы мен қабілетіне қарай тұлғалық дамуына жол ашады. ҚР оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында осылай деді.



Оның айтуынша, бұл мектептердегі білім беру процесінде Президент белгілеген «Адал азамат» тұжырымдамасының негізінде оқушыларды әділдікке, еңбекқорлыққа және адамгершілікке баулитын құндылықтар жүйесі қалыптасқан. Мектептегі білім беру үдерісі тек оқыту емес, өмірге бейімдеу, жауапкершілік сезімін ояту және қоғамдық сананы дамытуға бағытталған.

«Бұл мектептерде балалардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды үнемді пайдалану сияқты жауапкершілікті сезіну дағдыларын дамытуға ерекше мән берілуде. Осы қағидалар Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» идеясын балаларға мектеп қабырғасынан бастап сіңіруді көздейді», – деді министр.

Жобаның негізгі басымдықтарының бірі – оқушыларға ерте жастан кәсіби бағдар беру. Бастауыш сыныптарда түрлі мамандық иелерімен кездесулер, жобалық апталар ұйымдастырылады. 7-сыныптан бастап тереңдетілген бейіндік оқыту, тәлімгерлік жүйесі және жеке білім беру курстары енгізіледі. Бұл үдерісті тиімді үйлестіру және басқару мақсатында «Мансап компасы» атты арнайы цифрлық платформа әзірленуде. Платформа оқушыларға болашақ кәсіби бағытын және әрі қарайғы білім беру жолын саналы түрде таңдауға көмектеседі.

Сондай-ақ, Ғани Бейсембаевтың айтуынша, жоба аясында барлық мектепте интернет желісіне кемінде 100 Мбит жылдамдықпен қосылу мүмкіндігі қамтамасыз етілетін болады. Мектептің әр қабатында кітап қоймасы, оқу залдары, медиатека, электронды кітапханалар және оқуға арналған коворкинг аймақтары жеке кітапханалық кеңістік орналастырылған.

Оқушыларды еңбекке баулу және шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында мектептерде әмбебап шеберханалар мен студиялар, сондай-ақ бастапқы кәсіби білім беруге арналған арнайы жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Атап айтқанда, тігін, аспаздық, IT, ағаш шеберханасы және басқа да бағыттар бойынша оқу бөлмелері қажетті

## МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Үкімет отырысында мектеп медицинасын жаңғырту, мектептегі тамақтану сапасын арттыру және балалар лагерлеріндегі санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы баяндады.



Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында мектеп медицинасында мейіргерлердің рөлі күшейтілуде. Мәселен, мейіргерлердің жүктемесін азайту (бір мөлшерлеме 700 емес, 500 оқушыдан келетіндей) жоспарланып отыр, оқушы саны 1000-нан асатын ірі мектептерде стоматологиялық аурулардың профилактикасына арналған арнайы кабинеттер ашылады. Сонымен қатар, медициналық тексеру және медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру тәртібі қайта қаралуда.

Биыл 191 мектеп, соның ішінде 54 мектеп асханасының санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігі тұрғысынан тексерілді. Тексеру барысында апатты жағдайдағы ғимараттар, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың болмауы, мектептердің шамадан тыс толтырылуы, санитариялық-техникалық жағдайдың нашарлығы және басқа да кемшіліктер анықталды. Нәтижесінде 150 нұсқама беріліп, 12 млн теңгеден астам айыппұл салынды, 31 адам жұмыстан шеттетіліп, 6 іс сотқа берілді.

Мектептегі тамақтану қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі білім беру нысандарындағы мемлекеттік бақылауды күшейтіп жатқанын айта кеткен жөн.

Түзетулер балалар болатын нысандарға ерекше мәртебе беру, тексеру туралы алдын ала хабарлау рәсімін алып тастау және нысандарды санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестендіру үшін мониторингтік сапарлар жүйесін енгізуді көздейді.

## БАС ДӘРІГЕР РЕСМИ ТІРКЕЛГЕН ЛАГЕРЛЕРДІ ТАДАУҒА ШАҚЫРАДЫ

**Жазғы демалыс кезінде балалар лагерлерінің санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.**

**«Әрбір лагерь, оның ішінде шатырлы лагерлер де маусым басталғанға дейін санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға міндетті. 2024 жылы лагерлердің 19%-ы (37 лагерь) дайындықты уақытында аяқтай алмады және балаларды қабылдауды бастай алмады. Жазғы кезеңде балалардың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әр маусымдық лагерге санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары бекітілді, лагерь басшылығымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінде қызу желі ұйымдастырылды», — деді А. Әлназарова.**

**Денсаулық сақтау министрлігі ата-аналарды ресми тіркелген лагерлерді таңдауға шақырады — олардың тізімі https://www.gov.kz/memleket/entities/ksek?lang=ru сайтында қолжетімді.**

## ЖАЗДА СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ТЕГІН ОҚУ КУРСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

Үкімет отырысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова мектеп оқушыларының жазғы демалыс уақытында ақша табу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, олардың еңбек және жеке дамуына жағдай жасауға бағытталған еңбекпен қамтуды ұйымдастыру бойынша кешенді шаралар туралы айтты, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Министрдің айтуынша, заңға сәйкес жұмыс істеуге рұқсат етілген 14 пен 18 жас аралығындағы мектеп оқушыларының саны 1 млн 488,6 мың адамды құрайды, оның ішінде 26,5 мың мүмкіндігі шектеулі оқушылар. Сонымен қатар, ең көп сан оңтүстік макроөңірде – Түркістан (204,9 мың), Алматы (136,1 мың), Жамбыл (102,3 мың) облыстарында және Алматы қаласында (124,7 мың) тіркелді.

«Ақпараттық жүйелердің мәліметі бойынша, қазіргі таңда мектеп жасындағы 24,3 мың бала жұмыспен қамтылған. Ең көп сауда саласында (5,3 мың), тұру және тамақтану (3,6 мың) қызметтерінде жұмыс істейді. Алдағы каникул кезеңінде студенттерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар ұсынылады: Электрондық еңбек биржасы арқылы лайықты бос жұмыс орындарын таңдау, онлайн оқыту, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және кәсіптік бағдар беру», – деді Светлана Жақыпова.

Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) арнайы «Менің жазғы демалысым» бөлімі құрылды, ол 14 жастан бастап білім алушыларға (мектеп оқушылары мен студенттер) платформаға тіркелуге, жеке кабинетін құруға, түйіндеме жариялауға және қолайлы бос жұмыс орындарын өз бетінше іздеуге мүмкіндік береді. 16 жасқа дейінгі білім алушылар үшін тіркеуді және жеке кабинетті құруды заңды өкілдер (ата-аналар, қамқоршылар) жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Skills.Enbek онлайн оқыту платформасы студенттерге жаңа дағдыларды алуға немесе бұрыннан бар қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік беретін түрлі салалардағы тегін және ақылы курстардың кең ауқымын ұсынады. Бүгінгі таңда платформада 1 294 курс бар, оның 322-сі тегін, ал 67 курс мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделген.

«Жергілікті атқарушы органдардың жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына жазғы демалыс кезінде қоғамдық пайдалы жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі жалғасады. Мектеп оқушыларына арналған қоғамдық пайдалы еңбектің ерекшеліктері: толық емес жұмыс күні немесе икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі; аймақ үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық пайда; арнайы білімі жоқ адамдарға уақытша жұмысқа орналасу мүмкіндігі. Айлық жалақысы 24 АЕК-тен кем емес (2025 ж. – 94 368 теңге), – деп қосты Светлана Жақыпова.

Сәйкес мансап жолын таңдауға көмектесу үшін «Мансап компасы» платформасы жұмыс істейді, ол мансаптық бағдарлау тестілері арқылы мансаптық қызығушылықтарды анықтауға, сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат алуға, оқу орнын таңдауға және т.б. көмектеседі.

«Біз алдымызға бос жұмыс орындарына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, соның ішінде мектеп оқушыларына жұмысты басқа жазғы іс-шаралармен біріктіруге мүмкіндік беретін икемді еңбек жағдайларын жасау міндетін қойдық,», – деп түйіндеді министр.

## ТАМАҚТАНУДЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНЕН БАСТАП ЕНГІЗІЛЕДІ

Үкімет отырысында денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Премьер-министр Олжас Бектеновтің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдарында енгізілетін салауатты диета бойынша халықаралық ұсынымдарға сәйкес әзірленген Тамақтанудың жаңа стандарты мен көп нұсқалы үлгілік перспективалық мәзірді ұсынды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

«Тамақтанудың жаңа стандарты дұрыс тамақтануға бағытталған, атап айтқанда семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары және басқа аурулардың даму қаупін азайту мақсатында қантты 3,6 есеге, тұзды 5 есеге дейін азайтуды көздейді», — деп атап өтті Ақмарал Әлназарова.

Министрдің айтуынша, бұл норма инфекциялық емес ауруларды, атап айтқанда, балалардағы семіздікті 15%-ға дейін, қант диабетін 20%-ға дейін, артериялық гипертензияны 18%-ға дейін және басқа да созылмалы ауруларды 15%-ға дейін азайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша, Тамақтану стандартында ас блоктары жоқ шағын жинақталған мектептер үшін мәзір көзделген, алғаш рет мектеп тағамдарына қанағаттану деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін Жеуге жарамсыздық индексі (ыдыстағы тамақ қалдықтары) ұғымы енгізілді.

Тамақтанудың жаңа стандарты білім беру объектілері мен мектепке дейінгі балалар объектілеріне қолданылады.

**Бетті жинақтаған: Гүлнүр ЕРКІНҚЫЗЫ.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Замана Инвест» ЖШС, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, Кенші көш. №1А мекенжайы бойынша орналасқан №3 алаң (мұнай базасы және №1АЖҚС) үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің (РШН) жобасы бойынша II санатты объектісі үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Талқылау күні: 02.07.2025ж., сағ. 12:00.

Талқылау өтетін орны: Түркістан обл., Төлеби ауд., Леңгір қ., Кенші к. №1А.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Замана Инвест» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10oa3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 85 96, Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: https://ndbecology.gov.kz/

Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС эл.пошта: tcg_21@mail.ru

Байланыс тел: 8 (776) 741 70 47

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для объекта II категории ТОО «Замана Инвест», по проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) для площадка №3 (нефтебаза и АЗС №1) расположенного по адресу: Туркестанская область, Толебийский район, г. Ленгер, ул. Кенши №1А.

Дата обсуждения: 02.07.2025 г., 12:00 ч.

Место обсуждения: Туркестанская обл., Толебийский район, г. Ленгер, ул. Кенши №1А.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Замана Инвест» Ссылка на онлайн-конференцию:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 85 96,

Код доступа:123456

С пакетом проектной документаций можно ознакомиться на Едином экологическом портале: https://ndbecology.gov.kz/

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group»

Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru

Контактный тел: 8 (776) 741 70 47

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Шымкент қаласының құрылыс басқармасы "ММ" 400 орындық оқу корпусын және Шымкент қаласындағы қыздарға арналған "Білім-инновация "лицей-интернатының №2 жатақханасын салу" жұмыс жобасына"ҚОҚ" бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 04.06.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, too.ecosintez@bk.ru, тел. 8 7252 21-30-94.

Тапсырысшы: "Управление строительства города Шымкент" ММ, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсат тұрғын алабы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 10 ғимарат, тел.: 8-775-762-28-09.

Жобалаушы: "ECOSINTEZ", мекенжайы: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылы, Ынтымақ көшесі, №22 А, e-mail: too.ecosintez@bk.ru, тел.: 8 7252 21-30-94.

ЖАО - "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" ММ-і, мекенжай: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: prirodab@mail.ru, тел.: 8 (7252) 53-02-75.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ "Управление строительства города Шымкент" проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС» на рабочий проект «Строительство учебного корпуса на 400 мест и общежития №2 лицей-интерната "Білім-иновация" для девочек городе Шымкент».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 04.06.2025 г. в течение 5-ти рабочих дней, too.ecosintez@bk.ru, тел.: 8 7252 21-30-94.

Заказчик: ГУ "Управление строительства города Шымкент", адрес: город Шымкент, район Каратау, Жилой массив Нурсат, Проспект Нұрсұлтан Назарбаев, здание 10, тел.: 8 7252 21-30-94.

Разработчик: ТОО "ECOSINTEZ", адрес: Туркестанская область, Ордабасинский район, с. Темирлан, ул. Ынтымак, №22 А, e-mail: too.ecosintez@bk.ru, тел.: +7 /700/ 423-29-82.

МИО - ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, пр. Тауке хана, 6, e-mail: prirodab@mail.ru, тел.: 8 (7252) 53-02-75.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Мельнично - промышленная компания" ЖШС-і диірмен кешеніне арналған рұқсат етілетін шығарындылар нормативтері жобасы (ШНЖ) 2025-2034 ж.ж., өндірістік экологиялық бақылау, қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 08.07.2025 ж. сағат 11:00, Шымкент қ., Енбекші ауданы, К.Цеткин, 5 (кешен ғимараты).

Жоба тапсырысшысы: "Мельнично - промышленная компания" ЖШС-і, мекенжайы: Шымкент қ., К.Цеткин, көшесі, 5, БСН 010240000048, тел.: 8 7252 44 30 00, info@dani-nan.kz.

ҚОҚБ әзірлеуші: "Центр научных исследований и экологической экспертизы "KazEcoHolding" ЖШС-і, мекенжай: Шымкент қ. Желтоқсан, көш. 20 «Б», e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел. +77004232982.

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: ecocentre2018@mail.ru, тел. +77004232982.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: prirodab@mail.ru, тел.: 8 (7252) 53-02-75.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі, белсенді сілтеме:

https://us05web.zoom.us/j/87049663530?pwd=zyiooMFPV8Sq4pTxi37vbznhcsxVah.1

Конференция идентификаторы: 870 4966 3530 Кіру коды: 6qhSex

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний на проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), программу управления отходами, программу производственного экологического контроля, плану мероприятий по охране окружающей среды для мельничного комплекса ТОО "Мельнично - промышленная компания" расположенного по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.К.Цеткина, 5 на период 2025-2034 гг.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 08.07.2025 г., в 11:00 по адресу: г. Шымкент, ул. К.Цеткина,5 (здание комплекса).

Заказчик проекта – ТОО "Мельнично - промышленная компания", адрес: г.Шымкент, ул.К.Цеткин,5, БИН 010240000048, тел.: 8 7252 44 30 00, info@dani-nan.kz.

Разработчик проекта: ТОО "Центр научных исследований и экологической экспертизы "KazEcoHolding", адрес: г.Шымкент, ул.Желтоксан, 20 «Б», e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.+77004232982.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале www.ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: ecocentre2018@mail.ru, тел.+77004232982.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» по адресу: г. Шымкент, пр. Тауке хана, 6, e-mail: prirodab@mail.ru, тел.: 8 (7252) 53-02-75.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по активной ссылке:

https://us05web.zoom.us/j/87049663530?pwd=zyiooMFPV8Sq4pTxi37vbznhcsxVah.1

Идентификатор конференции: 870 4966 3530 Код доступа: 6qhSex

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"ЮГ Oil Pro" ЖШС Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Жұлдыз тұрғын алабы, 251-учаскеде орналасқан мобильді асфальтбетон зауыты үшін "ҚОҚ" бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 04.06.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecocentre2018@mail.ru, тел. +7 /700/ 423-29-82.

Тапсырысшы: "ЮГ Oil Pro" ЖШС-і, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Т. Тәжібаев көшесі, 12 А, тел.: 8-775-762-28-09.

Жобалаушы: "Центр научных исследований и экологической экспертизы "KazEcoHolding", мекенжайы: Шымкент қ., Желтоқсан,20 «Б», e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7 /700/ 423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" ММ-і, мекенжай: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: prirodab@mail.ru, тел.: 8 (7252) 53-02-75.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "ЮГ Oil Pro" проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС» для мобильного асфальтобетонного завода расположенного в г.Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Жулдыз участок 251.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 04.06.2025 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7 /700/ 423-29-82.

Заказчик: ТОО "ЮГ Oil Pro", адрес: г. Шымкент, район Тұран, ул. Т. Тажибаева, 12 А, тел.: 8-775-762-28-09.

Разработчик: ТОО "Центр научных исследований и экологической экспертизы "KazEcoHolding", адрес: г. Шымкент, ул. Желтоксан, 20 «Б», e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7 /700/ 423-29-82.

МИО - ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, пр. Тауке хана, 6, e-mail: prirodab@mail.ru,

тел.: 8 (7252) 53-02-75.

# ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТЕДІ

1 тамыздан 20 қазанға дейін Қазақстанда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Бұл ауқымды статистикалық байқаудың негізгі мақсаты еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті және сенімді деректерді алу болып табылады. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев мәлімдеді.

Спикер санақ жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдағанын атап өтті. Мерзімдер ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалды. Ауыл шаруашылығы санағына мал, өсімдік және балық шаруашылығы саласындағы ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер қатысады. Санаққа жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары да қатысады. Былайша айтқанда, бұл - бақшасы бар үй шаруашылықтары, олар өздері мал ұстап, құс өсіреді.

«Негізгі кезеңдер өткізілгенге дейін 2025 жылғы 1-30 маусым аралығында еліміздің 70 қаласында жеке қосалқы шаруашылықтарды алдын ала аралау жүргізіледі. Бұл іс-шара листинг деп аталады. Осы кезде санақ қызметкерлері негізгі сауалнамаға жататын үй шаруашылықтарының тізімдерін нақтылайды. Бұл жұмыс таңдалған мекен жайлар бойынша шынымен біреудің жеке қосалқы шаруашылық жүргізіп жатқанын растау үшін жүргізіледі», – деді спикер.

1 тамыздан 20 қазанға дейінгі кезеңді қамтитын санақтың негізгі кезеңі онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді. Алдымен 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz. сайтында онлайн-сауалнама жүргізіледі. Сайт танысу үшін іске қосылды. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары порталдағы санақ парақтарын дербес толтыра алады.

«Сайтқа кірген кезде респонденттер жүйеге тіркеліп, ЭЦҚ, QR-код немесе СМС арқылы авторлануы қажет. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Респондент көрсетілген көрсеткіштерді қалдырып немесе оларды өзектендіре алады. Респондент толтырылған парақты сақтай алатынын және сауалнаманы толтыруды бұрын толтырылған деректерді жоғалтпай уақыт өте келе жалғастыра алатынын ескеріңіз. Сауалнама аяқталғаннан кейін респондент электрондық поштаға санақтан өткені туралы хабарлама алады. Онлайн режимде санақтан өтуге ыңғайлы болу үшін жергілікті әкімдіктер мен аумақтық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне - өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады», – деп түсіндірді Ұлттық статистика бюросының басшысы.

Спикер ЖШС, ЖК және шаруа-фермер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдастырылған нысаны сайтта өз бетінше сауалнамадан өтуі тиіс екенін атап өтті. ЭҚЖК бойынша қызметі мал шаруашылығымен, өсімдік шаруашылығымен немесе балық шаруашылығымен байланысты барлық адам санаққа қатысуға міндетті.

«Егер респонденттерде сауалнама парағын толтыру кезінде сұрақтар туындаса, олар арнайы дайындалған ЖИ арқылы жауап беретін Sanaq-Myrza виртуалды көмекшісі арқылы егжей-тегжейлі кеңес ала алады. Сондай-ақ бюроның байланыс орталығына 1446 нөмірі бойынша хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама кезеңінде - тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады», – деп қосты спикер.

Екінші кезең – сұхбат берушілердің үй шаруашылықтарын жеке аралауы, ол 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді. Ол 20-шы күннен басталады, өйткені сауалнаманы өз бетінше толтырғандарды ескере отырып, үй шаруашылықтарының тізімдерін қалыптастыру үшін уақыт аралығы қажет.

## Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Мамедова Рахманберди Курбановича, умершего 26.07.2018г. Наследникам обращаться к нотариусу Исахову Р.Ш. Туркестан обл. тел. 8 701-752-26-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Прокопюк Андрей Станиславовича, умершего 19.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул. Рыскулбекова 5/5 тел. 8 701-716-27-81.

*** Открылось наследство после смерти гр. Штергер Валентины Николаевны, умершей 14.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толеби 39. тел. 8 778-591-80-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шарип Аманкул Маликкызы, умершей 22.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул. Аскарова 32-43. тел. 8 701-753-69-00.

*** Открылось наследство после смерти гр. Базовой Натальии Владимировны, умершей 07.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Куанышевой Шырай Кожабайкызы, умершей 21.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ишимову А.Х. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 707-935-88-17.

